



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://e-history.kz/ru/contents/view/339>
2. Бородкин Л.И. Историческая информатика: горизонты 90-х годов // Информационный бюллетень Комиссии по применению математических методов и ЭВМ в исторических исследованиях при отделении истории РАН. 1992. № 4. С. 2.
3. Белова Е.Б., Бородкин Л.И., Гарскова И.М., Измestьева Т.Ф., Лазарев В.В. Историческая информатика / Под редакцией Л.И.Бородкина, И.М.Гарсковой. — М.: Мосгорархив, 1996. — С. 31.
4. Бородкин Л. И. , Гарскова И. М. Историческая информатика: перезагрузка? //Вестник Пермского университета. Серия "История". 2011. Выпуск 2 (16) . С. 5-11..
5. Аманжол Күзембайұлы, Еркін Әбіл. Тарих Теориясы және методологиясы. Қостанай мемлекеттік педогогикалық институты. 2014. – с.220.

ӘОЖ 93/94

### ТАРИХТЫ КЕЗЕҢДЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

**Мырзагелдиева Меруерт Бахытжанқызы**

mmyrzageldieva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің ІІ курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі—Ерменбаева Г.К.

Тарих ғылымының маңызды мәселелерінің бірі - адамзат қоғамының тарихи дамуының кезеңділігі. Тарихты кезеңдеу - тарихи процесті белгілі бір хронологиялық кезеңдерге шартты бөлуден тұратын жүйелеудің ерекше түрі болып табылады. Кезеңдерге бөлу барлық елдерге немесе жетекші елдерге ортақ шешуші факторларға негізделуі керек. Негізделген кезеңдеу болмаса, тарих ғылым ретіндегі өзінің маңызды ерекшеліктерін жоғалтады. Осыған сай, әлемдік тарихнамада кезеңдеуге деген зерттеу ұстанымдары өзгергендігін, бір кезеңдеудің екіншісімен алмастырылғанын және оған саяси-элеуметтік жағдайдың ықпалын аңғартатын жағдайлар аз емес. Кезеңдеусіз тарих ғылымы өмір сүре алмайды, себебі ол тарихшыға субъективизмнен алшақ болуға көмектеседі [1].

Тарихты кезеңдеуге арналған критерийлер көп болуы мүмкін. Археологтар тарихи дәуірлерді негізгі аспаптық материалдармен - тас дәуірінен, мыс-тастан, қоладан және темірден айырады. Біздің заманымызда темір ғасыры мен оның туындыларынан (қорытпалар, болаттар) композит ғасырларына, керамика, жасанды материалдарға (мысалы, алмаздарға) өту белгілері байқалады. Бұл жіктеу ыңғайлы, айқын, бірақ мәселе сақталады: негізгі материал әртүрлі қоғамның динамикасының басты айырмашылығы болып табылады ма? Кезеңдеу үшін әртүрлі негіздерді таңдауға болады: ойлау түрінің өзгеруінен (О. Конт, К. Ясперс) байланыс жолдарының (коммуникация) өзгеруіне дейін (М. Маклюэн) және экологиялық өзгерістер (Й. Гудсблом). Көптеген ғалымдар, ХVІІІ ғасырдың ойшылдарынан бастап (А. Барнав, А. Фергюсон, А. Смит) қазіргі заманғы постиндустриялық Д. Белл және Е. Тоффлер сияқты мамандар экономикалық - өндірістік өлшемдерге сүйенді.

Тарихи үрдістің жалпы кең тараған концепциясы келесідей:

1. Христиандық немесе діни (Августин Блаженный).
2. Формациялық (К.Маркс).
3. Өркениеттік (Н.Я.Данилевский).
4. “Өзектік уақыт” (Axenzeit) (К.Ясперс) .
5. Жаңғырту (У. Макнейл, Ф.Брадель).

Осы бөліністердің әрқайсысында тарихты түсіндіруде ғылыми қызметті дамыту процесі ерекше орын алды.

Христиан концепциясы тұрғысынан, тарихтың мағынасы адамзаттың Құдай Патшалығына дәйекті қозғалысы болып табылады. Тарихи дамудың христиандық идеяларын баяндайтын белгілі діни ойшыл Августин Блаженный (354-430) «Құдай қаласы туралы» атты еңбегінде әлемдік тарихты дәуірлеудің алғашқы нұсқаларының бірін ұсынды. Оның идеясына сәйкес, дүние тарихы адамзаттың алғашқы күнәларына жаза ретінде басталды және ұзақ уақыттан кейін адам Құдайдың ақиқатын тануы арқылы күнәкар адамның тазаруымен, Қиямет күні құлшылық етушілер мен күнәһарларды бөліп, жердегі Құдай Патшалығының орнауымен аяқталады. Осыған байланысты адамзат тарихының кері бастауы Адам мен Хауаны (Ева) жұмақтан қуылу уақытымен бастау алды.

Осы тұжырымдаманың біраз қарсылықтарға ұшырауына қарамастан, ол орта ғасыр бойы елеулі ықпал етті және қазіргі уақытқа дейін сенушілерде бар. Жаңа дәуірдің басталуымен христиан тұжырымдамасының әсері рационалистік философия мен ғылымнан өткір сынға ұшыраған кезде тез құлдырай бастады. Бұл тұжырымдаманың басты негізі болып – әлі толықтай ғылым қалыптаспаған уақытта, адамзаттың өзін мазалаған философиялық сұрақтарға діни тұрғыдан жауап беруі болды.

Л. Морган мен Ф. Энгельс үш негізгі кезеңді бөлді: жабайылық (табиғаттың дайын өнімін игеру), варварлық (мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығын дамыту), өркениет (индустриалды дамуы). Таптық қоғамының тарихы құлдық жүйе, феодализм, капитализмге бөлінді.

Карл Маркстың тарихи материализм философиясы тарихи процесстің формациялық концепциясы деп аталды. Маркс тарихты әмбебап үдеріс ретінде қарастырды, ол адамзат үшін бір, қандай да бір тылсым күштерге қарамастан, өзінің жеке заңдарына сәйкес жүреді. Бұл заңдардың болуы тарихты мистикалық түсіндіруге емес, рационализмге жол ашады.

XIX ғасырдың 40-жылдары Карл Маркс пен Фридрих Энгельс негізін қалаған философиялық, экономикалық және әлеуметтік-саяси көзқарастар жүйесі қоғамның негізгі қозғаушы күші ретінде жұмысшы табының маңызын теориялық негіздеу болды. Марксизмнің түйінді идеялық қағидалары - қосымша құн және өндірісті қоғамдастыру түсініктеріне негізделген капитализмнің экономикалық жүйесін талдау, тарихи материализмнің философиялық жүйесі, соның ішінде пролетариаттың тарихи рөлі туралы қорытындылары XIX ғасырдың 2-жартысында жұмысшы қозғалысының негізгі идеологиясына айналды. Марксизмдегі ашқан қоғамдық-экономикалық формация теориясы бойынша жаңа өндіргіш күштер мен күні өткен өндірістік қатынастардың арасында жанжал шығып, әлеуметтік төңкеріске әкеледі. Нәтижесінде бір формация екіншімен ауысады.

Марксизм ілімі бойынша тарих барлығы бес формациядан:

1. Алғашқы қауымдық,
2. Құл иеленушілік,
3. Феодалдық,
4. Капиталистік
5. Коммунистік формациялардан тұрады.

Соңғысы адамзат дамуының ең биік сатысы деп саналды. Тарихтың марксистік дәуірлеуі басым болды. Бірақ XIX ғасырдың аяғында кенеттен қоғамдық меншік (әсіресе оның мемлекеттік-социалистік түрінде) ең жоғары деңгей және өндірістің соңғы сатысы емес екенін көрсетті. Адамды өз жұмысының жағдайлары мен нәтижелерінен аластатады, қызығушылық пен бастаманы бұзады, мемлекеттік бюрократиялық машинаның бұрылыстарына, оның еркінің орындаушысына айналады. Жеке меншікті, жеке қаражатты игеруді, шағын бизнесті, нарықтық бәсекелестікті қайта жаңғырту басталды, теңестіру процесі басталды, тоталитарлық режимдер

құлады. Бұл ертерек капитализмге оралу емес, тарихи спиралды жаңа раундтың басталуы. Жаңа қоғам постиндустриялық деп аталды. Және бұл түпкілікті болмайды.

К. Маркс тарихты жіктеу үшін негіз ретінде таптар мен мемлекет дамуына байланысты меншік нысандарын алған болатын.

Формациялық тұжырымдаманың кемшіліктері тарихи процестің басқа, балама түсіндірулерінің пайда болуына әкелді. Осылайша, өркениеттік көзқарас немесе тарихтың мәдени-тарихи интерпретациясы пайда болды. Өркениеттік көзқарастың негізін қалаушылардың бірі - орыс ойшылы Н.Я. Данилевский (1822-1885). Ол тарихи зерттеулердегі ең бастысы «...діни, әлеуметтік, күнделікті, өнеркәсіптік, саяси, ғылыми, көркемдік, сөздік, тарихи даму үшін тәуелсіз, түпнұсқа жоспарларының мәдени және тарихи түрлерін ажырату керек» [2] деп есептеді. Толық әлеуметтік жүйе ретінде өркениетті танымал ағылшын тарихшысы А. Тойнби (1889-1975): «Өркениеттер - бұл тұтастық, олардың бір бөлігі өзара келісілген және бір-бірімен байланысты ... Өркениеттің әлеуметтік өмірінің барлық аспектілері өсу кезеңінде бірыңғай әлеуметтік тұтастық онда экономикалық, саяси және мәдени элементтер үйлесімнің арқасында үйлеседі» [3] деп қарастырды. Н.Я. Данилевскийдің ойынша, тарихи үдеріс халықтардың ерекше тұрақты қоғамдастықтары қалыптастырған мәдени-тарихи түрлер түрінде дамып келеді. Мысыр, үнді, ирандық, еврей, грек, рим, роман-герман және басқа да мәдениеттер осындай ерекше мәдениеттердің үлгілері.

Бұл өркениеттік көзқарастың басты критерий болып өркениеттердің жетілуі, дамуы және адамзаттың тарихынды өзіндік орын қалдыруы болды.

Ясперстің тарихи тұжырымдамасы, ең алдымен, формациялық идеяның өкілі К. Маркс тарапына арналған сыни көзқарастар негізінде қалыптасты. Бұл тәсілді Ясперс шамадан тыс рационализм және экономикалық детерминизм үшін сынға алды. Сонымен бірге, Ясперс өркениеттік тәсілмен келіспеді, бұл жерде бірлік идеясынан, адамзат тарихы тұтастығынан бас тартудың қауіпі бар деп есептеді. Ясперстің көзқарасы әлемдік тарихтың біркелкі емес, тіпті үдеріс емес деген идеясына негізделген. Онда баяу, мажырау даму жолақтары жарылғыш, революциялық дәуірмен ауыстырылды. Бұл ғылымның дамуына да қатысты. Мұнда да адамзат дамуының бағытын өзгертетін «рухани революция» да бар. Ол осындай кезеңдерді «өзектік уақыт» (эпоха осевого времени) деп атады. Адамзат тарихын Ясперс төрт дәуірге бөліп көрсетеді. Сондай-ақ, өзектік уақыт адамзаттың әлемдік тарихындағы кезеңдердің бірі болып та саналады.

Бұл бөліністің басты критерий болып тарихтың біртұтастығын, бірлігі мен бөлінбеуін түсіну тұжырымдамасы көрсетіледі.

XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған тарихқа жаңа көзқарас аясында адамзаттың барлық дамуы дәйекті жаңару тізбегі ретінде пайда болды. Бұл теорияның негізін қалаушылардың бірі американдық тарихшы Сирил Блэк: "...жаңғырту - дәстүрлі қоғамды ғылыми-техникалық революцияның жаңа жағдайларына бейімдеу үдерісі" деп қарастырды. Оның саяси саладағы салдары орталықтандыру, мемлекеттің реттеуші рөлін күшейту болып табылады. Модернизацияның теориясы марксизмге қайшы келеді, бірақ ол «қазіргі заманғы қоғаммен» яғни капитализммен алмастырылған соңғы коммунистік кезеңнен басқа, формацияның қысқартылған теориясына ұқсайды. Сонымен қатар, жаңа тұжырымдама тарихты оқшауланған өркениеттерді өзгерту процесі ретінде қарастырған өркениеттік көзқарасқа қайшы келді. Жаңарту теориясының басты негізі болып әлеуметтік прогреске және қоғамның дамуына ықпал ететін әлеуметтік айнымалыларды анықтауға және әлеуметтік эволюция процесін түсіндіру болды [4].

Қалай десекте, дұрыс кезеңделмеген тарих-жүйесіз, яғни бұрмаланған тарих болып шығады. Яғни бұл ұлт тарихының объективті әрі дұрыс бағытта жазылуының негізін жасайтын аса маңызды нәрсе. Осы себептен еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан кейінгі кезеңде тарихымызды жаңа көзқараста жазу мақсатында тарихшы ғалымдарымыз Қазақстан тарихын

кезеңдеу мәселесіне назар аударып бастады. Мұның басты себебі – кеңестік заманда Қазақстан тарихы одақтық тарихтың қосымшасы ретінде қаралып, оны жүйелі түрде кеңінен зерттеуге мән беріле қойған жоқ. Сондықтан да бізде тарихты ғылыми түрде кезеңдеумен айналысатын ұлттық тарихнама ғылымы мүлде дамымай қалып қойды. Тәуелсіздік бұл мәселеде де жолымызды ашты. Соңғы 27 жылда еліміздің тарихшы ғалымдары отандықтарихты кезеңдеудің өзіндік, дербес нұсқаларын ұсына бастады. Бұл әрине, жағымды құбылыс.

Қазақстан тарихы негізінен Маркстік формациялық кезеңдеу бойынша қарастырылып келді және бұл өзге дербес нұсқалардың пайда болуымен сабақтасып жатыр. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан мән бере, ынтамен айналысқан көрнекті ғалым, тарихшы М. Қозыбаевтың «10 асқарлы белесі» және қазақ тарихын кезеңдеудің маңызды критерийі әрбір тарихи дәуірге тән мәнді айырмашылықты және үзілмес сабақтастықты ескеру деп білген Х. Әбжановтың кезеңдеу сатылары, сондай-ақ тарихилық пен ұлттық мүдде қағидаларын негізге ала отырып, А. Күзембайұлы толыққанды, нақтыланған өзіндік кезеңдеу жұмысын ұсынды. «История дореволюционного Казахстана» атты оқулығында аталмыш ғалым алғаш рет кезеңдеу мәселесіне арнаулы тарау берді [5].

Тарихты кезеңдеуге арналған көзқарастар, идеялар, концепциялар қаншама және әрқайсысы өзіндік ерекшелікті белгілей, сол дәуірге тән мәнді айырмашылықты, ойып орын қалдырған құбылысты негізге ала отырып, тарихи уақытты түрлі жолдармен көрсетуге тырысты. Шын мәнінде, тарихи процесті түсінудің әртүрлілігі оның ерекше күрделілігі мен алуан түрлілігінің дәлелі болып табылады. Тарихи үрдістің өрнекті, өркениеттік және басқа да концепцияларын мұқият қарасақ, бұл көзқарастар бір-бірімен ерекшеленетін қарым-қатынаста емес, өзара бірлікте болуда қажет. Олардың әрқайсысы тарихи дамудың белгілі бір аспектілеріне назар аударады, оны әртүрлілігімен түсінуге көмектеседі. Тек осы барлық көзқарастарды ескере отырып, әлем тарихын терең түсінуге мүмкіндік туады. Тек бір аспектіні, бір құбылысты кезеңдеудің басты критерийі деп алмай, сол дәуірге тән жалпы негіз болуға тұрарлық аспектіні таба білуіміз қажет. Әр кезеңдеу түрінің өзіндік орны болғанымен, бөліну қалпында емес барлығын біріктіру арқылы тарихымызды кезеңдеу мәселесін шешуіміз керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гросул В.Я. О периодизации всемирной и отечественной истории. Российская история. – М., 2007. С. 122-139.
2. Данилевский Н.Я. Россия и Европа. — М.: Книга, 1991. С. 85.
3. Тойнби Л. Постигание истории. Т. 1. — М., 1991. С. 34.
4. Гринин, Л. Е. Методологические основания периодизации истории. Философские науки. 2006. С. 117—123.
5. Кузембайұлы А. История дореволюционного Казахстана.-Караганда, 1992. 382 с.